



010000, Астана қаласы, Нұра ауданы,
Қабанбай батыр даңғылы, 19, «Б» блогы
тел.: (7172) 909260, факс: 909173
e-mail: kense@antikor.gov.kz

010000, город Астана, район Нұра,
проспект Кабанбай батыра, 19, блок «Б»
тел.: (7172) 909260, факс: 909173
e-mail: kense@antikor.gov.kz

№ _____

Мемлекеттік органдарға
(тізім бойынша)

Сыбайлас жемқорлық картограммасын енгізуге қатысты

Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 2022-2026 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын (*Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген, бұдан әрі – Тұжырымдама*) іске асыру жоспары 35-тармағының 3-тармақшасына сәйкес **«Сыбайлас жемқорлық картограммасы»** жобасын іске қосты (*бұдан әрі – Картограмма*).

Бұрын жіберілген хатқа сәйкес (*17.05.2024 ж. № 3-4-12/4022-II*) жобаны іске асырудың ағымдағы кезеңінде мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарында келесі мәліметтерді көрсететін картограммаларды жасау көзделген:

- 1) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдар тізілімі;
- 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі және сыртқы талдаулар нәтижесінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізбесі;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы (*жергілікті атқарушы органдар үшін*).

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның алдын алу» №4 үлгілік базалық бағытты жүзеге асыру барысында апта сайын өткізілетін scrum-жиналыстарында бұл бөлімдерді рәсімдеу үлгілері келтірілді.

Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың интернет-ресурстарын апта сайын мониторинг жасау барысында мемлекеттік органдар жасаған Картограмма бөлімдерінің көрсетілген үлгілерге сәйкес келмейтіндігі анықталды (*excel кестесіндегі ескертпелер мен үлгілер тіркелді*).

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, **ағымдағы жылдың 6 қыркүйекке** дейін «Сыбайлас жемқорлық картасы» бөлімдерін қалыптастырып, ресми интернет-ресурстардағы мәліметтерді үлгіге сәйкестендіруді сұраймыз.

Қосымша: 5 парақта.

Превенция қызметінің басшысы

Д. Мағауин